

егемен

Қазвәтәтәһ

Астананың аркасы – азаттықтың аркасы

Осы мақаланы ойластырғалы біраз болып еді. Бұдан бірер ай бұрын Астана әкімі Иманғали Тасмағамбетовпен жолыққанбыз. Әдебиетке, өнерге жақын жүретін азамат елордадағы жаңалықтарды әңгімелей келіп, бір өтініш айтқан. Әкімдердің өтініші тапсырма типтес болып келеді ғой. Иманғали Нұрғалиұлы сонда: «Президенттің бастамасымен тағы бір үлкен шаруаны қолға алып жатырмыз. Астанада Салтанат аркасы орнатылады. Нұрсұлтан Әбішұлы арканың идеясын да өзі айтып, орнына дейін өзі ұсынды. Қазір жұмыс қызу жүріп жатыр. Конкурс жеңімпазы анықталып, құрылыс басталып та кетті. Бұйыртса, Салтанат аркасы салтанатымызды арттыратын бірегей ғимаратқа айналады деп отырмыз. Біраз елде болып, осындай аркалардың талайын көріп жүрсіз ғой. Соларды әңгімелеп, жалпы осындай аркалар орнатудың идеясын оқырманға түсіндіріп, біздегі Салтанат аркасының қадір-қасиетін көрсететіндей бір дүние жазуға болар ма еді?», деген. Содан бергі уақытта қандай тапсырманы да тастай етіп тындыратын Тасмағамбетов талай шаруаның басын қайырып тастапты. Осыдан бірнеше күн бұрын біз мүсінші Мұрат Мансұровтың шақыруымен арка орнатылып жатқан жерге арнайы барып, ғимаратпен жан-жақты таныса алдық. Жұмыстың негізінен аяқталып қалғанын осы дүйсенбіде түсірілген мына фотодан көріп те отырсыздар. Жақында Елбасымыздың өзі ашатын Салтанат аркасының жай-жапсарын ерте бастан жазып, оқырманның әуестігін кемітпей-ақ қояйық. Қазірше тек өзіміздің алғашқы аркамызды әлемнің біраз елдеріндегі осындай аркалармен салғастыра келіп, ең бастысы – Астанада Салтанат аркасын орнатудың қандай қажеттіліктен туындағанын айтып, дәл бүгінгі нөмірге шұғыл мақала жазуға бекіндік. Неге бүгінгі нөмірге? Бүгін – ел өміріндегі белесті күндердің бірі. Осыдан дәл 14 жыл бұрын, 1997 жылғы 10 желтоқсанда Астанадағы Елбасы Резиденциясының Күмбезді залында республика Парламенті мен Үкіметінің бірлескен салтанатты мәжілісі болды. Сол салтанатты мәжілісте Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап мемлекетіміздің астанасы болып ресми түрде жарияланатынын салтанатты жағдайда мәлімдеді. «Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өміршең маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады» делінді сол күні Президент, Премьер-Министр, Парламенттің қос палатасының төрағалары қол қойған Үндеуде. Салған беттен айтарымыз мынау: Астанадағы бұл ғимарат (біздің білуімізде Салтанат аркасы Тәуелсіздік күні ашылады) адамзаттың арғы-бергідегі архитектура өнерінің классикалық үлгілері негізінде тұрғызылып жатыр. Солай болуға да тиісті. Дүние жүзінің біраз қалаларындағы аркалардың суреттерін салыстырып қарау үшін әдейі қоса беріп те отырмыз. Осы тұрғыдан қарағанда интернет беттерінде шығып жатқан пікірлердің ішіндегі «Арка деген басқаларда да бар ғой. Біз неге

оларда жоқты жасамаймыз?» деген сияқты сөздердің кездесіп қалатыны қынжылтады. Кешегі келмеске кеткен кеңестік қоғамның түбіне жеткен қателік адамзат жасаған нәрселерді жасамай, ел тағдырын экспериментке айналдыру болғанын ұмытпасақ екен. Салтанат аркасы деп атаулы оқиғалар құрметіне тұрғызылатын монументті аркалық қақпаларды айтады. Салтанат аркасын тұрғызу салты атам заманнан келе жатыр. Бұл өзі латынның *arcus* – доға, иін, иілім деген сөзінен шыққан атау. Қабырға немесе тірек аралықтарын ұштастыратын иін. Арка атаулының бірінші белгісі – П әрпінің сұлбасымен салынуы. Қызық болғанда, «арка» сөзі үндестігі жағынан да, мағынасы жағынан да кәдімгі қазақтың «арқасынан» онша алыс емес. Сүйеніш, қорғаныш, тірек тұрғысындағы «арқа таянышты» айтсақ та, тірегіші бар орындықты «арқалы орындық» дейтінімізді айтсақ та, үйдің төбесіне көлденең салынатын білеу, бел ағашты да, бесіктің екі басын көтеріп тұратын қондырғыны да «арқалық» дейтінімізді айтсақ та, айналып келгенде екі араны қосып тұратын құрылғыны еске аламыз. Қазақтың «арқа таңды», «арқа тұтты», «арқа тіреді» деген сияқты тұрақты сөз тіркестерінің бәрінің де тірелері – бір нәрсеге тірек болу. Арка алдымен Шығыс сәулет өнерінде қолданылған көрінеді. Оның себебі көлденең төселетін өте ұзын ағаш түрлерінің ежелгі Шығыс елдерінде өспегендігі екен. Арка арқылы жалғастыру бізде Баба ата кентіндегі медреседе, Айша бибі күмбезінде, Ахмет Иассауи кесенесінде кеңінен пайдаланылғанын өзіміз де көріп жүрміз. Аркалар әуелде Ежелгі Римде салтанатты рәсімдер өткізу, жеңімпаз императорлар жорықтан кейін енетін қақпа үшін тұрғызылған. Ғылыми кітаптар Траянның салтанат аркасы Алжирдің Тимгада қаласында, Каракалланың салтанат аркасы Марокконың Волюбилис қаласында, Марк Аврелийдің салтанат аркасы Ливияның Триполи қаласында әлі күнге тұрғанын айтады. Біз оларды көре алған жоқпыз. Өзіміз көргендерімізді арқау етіп әңгімелесек те біраз жайдан хабардар боларсыз деп шамалаймыз. Римге барған туристердің бәрі дерлік Тит аркасын көрмей қайтпайды. Олай болатынының бір себебі – Тит аркасы Рим форумына жақын жерде тұр. Арканың биіктігі 15,4 метр, ені 13,5 метр. Қасбеттің (фасад) төрт бұрышында мәрмәрдан қашалған төрт қанатты Виктория бейнеленген. Виктория – жеңіс құдайы. Черчилльдің қос саусағын шошайтып көрсететін атақты жеңіс ишарасы – V – Виктория атауының басқы әрпі болатыны сондықтан. Аралықтың екі бұрышында әсемдігі қайран қалдыратын екі бедербейне – барельеф. Оның бірінде төрт ат көсем жегілген қос доңғалақты квадригамен құйғытып бара жатқан император Титті көресіз. Келесі барельефте – Иерусалимді жеңіп оралған император әскерінің салтанатты шеруі. Бұл арка біздің дәуірімізге дейінгі 81 жылы өмірден өткен император Титтің құрметіне тұрғызылған. Римнің сол заманда көркемдік тұрғыда шарықтауының шыңы – Константин аркасы. Ол император Константиннің 315 жылы Максенийді жеңуінің үш жылдығын атап өту үшін орнатылған. Максений ақтық шайқаста шегіне жүріп Тибр өзеніне батып кеткен болатын. Бүкіл әлемнің сәулетшілері үшін осы ғимарат үйренерлік үздік үлгі ретінде ұстанылады. Константин аркасының мәрмәр мүсіндерінің мінсіздігі қайран

қалдырарлықтай. Лондонда, Берлинде, Мәскеуде, Санкт-Петербургте небір тамаша салтанатты аркалар бар. Мәскеудің Кутузов проспектіндегі («даңғылды» өзімізде-ақ қолдана берейікші) салтанатты арка, Санкт-Петербургтегі Нарва салтанат қақпасы сияқты сәулет ескерткіштері орыс қаруының ұлылығын айшықтап тұр. Лондондағы Адмиралтейство аркасының ортаңғы аралығы тек королеваның күймесіне ғана ашылатыны да оның қадір-қасиетін арттыра түседі. Тұманды Альбион астанасындағы Веллингтон аркасының ең тамаша тұсы – мүсінші Адриан Джонстың қолынан шыққан Жеңіс құдайының төрт атты арба жеккен күймедегі келбеті. Берлиндегі Бранденбург қақпасы – Пруссия империясының символы. Аркалардың көкесі әлем астанасы деп әспеттелетін Парижде. Ең ғажабы мынау. Париждегі атақты үш арка бір сызықтың бойында, атқан оқтай тұзу орналастырылған. Луврға тақау тұстағы Өткеншек аркасына жақын барып қарасаңыз оның аралығынан алыста тағы екі арка менмұндалап тұрады. Өткеншек аркасы 1806-1808 жылдарда Наполеон жеңістерінің құрметіне тұрғызылған. Ол арка шағындау. Әлемдегі арка атаулының ең әйгілісі, әрине, Париждегі Салтанат аркасы. Бұл арка Римдегі Константин аркасынан екі есе үлкен: биіктігі 50 метр, ені 45 метр. Онсыз да алып арка дөңестеу жерде орналасқандықтан алыстан асқақтап көрінеді. Арканың орны тіпті ғажап: дәл сол жерге 12 көше жан-жақтан түйіседі! Қақпабағаналар (пилондар) бедербейнелермен көмкерілген. Батыс қасбеттегі «Еріктілердің жорыққа шығуы. 1792 жыл» деп аталатын бедербейне өте әсерлі. Қақпабағананың сол жақ бетіндегі «Наполеон салтанаты» аталатын бедербейне біршама академиялық сипатта орындалған. Жоғарыдағы жатаған қабырғаның таңбабедерінде (картуш, мұны кей сөздіктерде мәнерқалып деп те алып жүр) Наполеонның Еуропа мен Азия құрлықтарындағы 30 ұлы шайқасының аттары ойылып жазылған. Қарап тұрғанда французша ұқпасаңыз да жаңағы 30 шайқас тасқа тізіліп түскенін көргенде селт етпей қала алмайсыз. Наполеонның ұлы қолбасшылығына да, француз солдаттарының ерлігін ардақтаған елдікке де соншалықты сүйсінесіз. Энциклопедиялық сөздіктердің қай-қайсысын қарап отырсаңыз да салтанат аркалары айрықша атаулы оқиғалардың, көбіне нақты шайқастардағы жеңістердің құрметіне тұрғызылатынын айтады. Әдетте солай. Дегенмен, кейінгі заман бұл ұғымға да жаңаша мән-мағына беріп келе жатыр. Соның ең бір айшықты дәлелі – Париждегі Дефанс Үлкен аркасы. Оны көргендер Парижге барған біздегі ағайындардың арасында көп те емес. Көп те емес болатыны біз Париж десе көбіне классикалық мәнердегі ғимараттарды ойға аламыз, бара қалсақ алдымен Марс алаңын, мүгедектер үйін, Париж Құдайанасы соборын, Сакре-Кёрді, Луврды, Гранд-операны, Версальді, Фонтенблонды тамашалаймыз да қайтамыз. 1997 жылы сөйткелі тұрған жерімізден атақты домбырашы марқұм Қаршыға Ахмедияров, әйгілі әнші Шаһмардан Әбілев үшеуімізді Оралбай Әбдікәрімов ағамыз: «Сендер Дефансты көрмесендер бүгінгі Парижді көрмегендерің» деп тұрып, Булон орманы арқылы қаланың жаңа аудандары жаққа бастап барған болатын. Сонда сезінгенбіз француз ақыл-ойының осы заманғы сипатын. Дефанс ауданында дат сәулетшісі Йохан Отто фон Шпрексеннің жобасымен

тұрғызылған бұл арканың биіктігі ... 105 метр. Төрт қанаттағы төрт лифт әпсәтте арканың үстіне алады да шығады. Сонда тұрып бұл арка да түптеп келгенде француз халқының жеңісінің құрметіне тұрғызылғанын түсінесіз. Ол қандай жеңіс дерсіз? Ол жеңіс – экономиканың әлемдік бәсекесінде шыдас беру жеңісі, ғылым мен технологиядағы табыстар жеңісі, мәдениет пен өнердегі таланттар жеңісі, салондар сайысындағы сұлулық жеңісі... Жалғастыра беру еркінсізде. Міне, біз Астанадағы Салтанат аркасының түпкі тұжырымдамасына енді жақындап келе жатырмыз. Бұл арқылы «Салтанат аркалары нақты соғыстағы немесе нақты шайқастағы жеңістің құрметіне тұрғызылады. Мұндай арка тұрғызатындай біз кіммен соғысыппыз, қай жерде жеңіске жетіппіз?» дейтін кәрауыздыққа да жауап бергелі отырмыз. Ойпырмай, интернетте дәл солай соғып жатқан сойқандар да табылады. Астанадағы Салтанат аркасы аса атаулы оқиғаның құрметіне де, халқымыздың аса айтулы жеңісінің құрметіне де тұрғызылуда. Ол қандай аса атаулы оқиға? Мыңжылдықтар межесінде, ғасырлар тоғысында халқымыздың сандаған ғасырларға созылған ұлы көші діттеген жеріне жетті. Этностың межелі мекенге қазық қағуы толықтай тиянақталды. Қазақ өз жеріне түпкілікті ие болды. Сенбейсіз бе? Қазақ өз жеріне ең бері қойғанда 1991 жылы ие болған дейсіз бе? Олай емес. Сөз жүзінде солай, іс жүзінде олай емес. Неге? Негесі сол, дәл 1991 жылы-ақ КСРО-ның кетіп бара жатқан Президентінің өзі Қазақстанның теріскейіндегі бес облыстың жері Ресейге тиесілі еді дегендей бірденені бықсытқан болатын. Біз тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін-ақ сол тұста эмиграциядан Ресейдегілер жаңа туған пайғамбардай көріп күтіп алған Солженицын «Ресейдің көсегесін қайтсек көгертеміз?» деген салақұлаш еңбегінде қазақтар малдың соңында жүріп, малының тұяғы тиген жердің бәрін менікі дей берген деп сандырақтаған болатын. Сол сөздерге елірмеленіп, біресе Оралда, біресе Петропавлда казактар көтеріліп, оларға шекараның арғы жағынан дем берушілер, желіктірушілер шығып, оған Мемлекеттік Дума қосыла жаздап, Жириновский деген сабаз Ресей теледидары арқылы бірнеше күн қатарынан Қазақстанға тікелей аумақтық талап қоятын, империялық, ұлы державалық саясатты қайта қоздыратын арандатушылық мәлімдемелер жасап, оған біздің Сыртқы істер министрлігіміз: «Ресеймен Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасасқан егемен Қазақстанға мұндай күйе жағу мемлекеттік теледидардан айтылып келеді және мұның әлі күнге дейін Ресей Федерациясының ресми топтары тарапынан қандай да бір айыпталып немесе қарсылық білдірілмей отырғандығы назар аудартады» деп мәлімдеме таратып жатқан болатын. Астана ауыстыру туралы шешім сондай кезде қабылданған. «Біз Алатаудың баурайына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы солай болды» деген сөзді Нұрсұлтан Назарбаев сондай кезде айтқан. Ымға түсінбеген дымға түсінбейтіннің керін келтіріп, ақыры айтқызып тынғанбыз. Кеше, 9 желтоқсанда біз Астанадағы Ұлттық кітапханада «Егемен Қазақстанның» бетінде жарық көрген мақалалардан, сұхбаттардан, өлең-жырлардан құрас-тырылған «Тәуелсіздік» атты көлемді жинақтың тұсаукесерін өткіздік.

Рәсімді жүргізе отырып, әңгіменің орайында осыдан он жеті жыл бұрынғы бір жайды еске алуға тура келді. 1994 жылы жазда Қостанайда Биағаңның – Бейімбет Майлиннің 100 жылдығы аталды. Дәл соның алдында ғана Парламент Президент ұсынысын қолдап, астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылдаған еді. Қостанайға барған күннің кешінде қонақүйде алматылық қаламгерлермен бас қосып қалдық. Кілең ығай мен сығайдың әңгімесінің басты тақырыбы – астананың ауысатындығы. Сөздің орайы келгенде мен бір әзіл әңгіме бастадым. Ойдан қиыстырып айтып жатырмын ғой. «Ақмолада біздің тілді керемет меңгерген, меңгергені сондай қазақша, қазақша ғана емес баяғы жыраулық дәстүрде өлең шығаратын бір ұлты өзге ақын бар екен. Тілімізді меңгергенмен, рухы бізге атымен жат екен. Сол осы күндерде біздің Президентке қарсы сөйлейтін бір толғау шығарыпты. Бастапқы екі жолын ғана есімде сақтап қалыппын», дедім. «Иә, иә, айтып жібер» деп жатыр жұрт. «Ақмоланы алғаны, Арқаға қолды салғаны» деп басталады» дей бергенім сол еді, біраз жұрт күліп, біраз жұрт әзілмен сол сарында жалғастырып әкетті. Рымғали ағаның (Нұрғали): «Ол толғауды мен де естігенмін. Әрі қарай: «Есілді келіп алғаны, етекке қолды салғаны. Қараөткелді алғаны, қабырғалы халық болғаны» дейді жаңағы ақының» дегені есімде қалып қойыпты. Бұл сөзге түсіндірме жасап жату артық болар. Аса атаулы оқиға, жоғарыда айтқанымыздай, мыңжылдықтар межесінде, ғасырлар тоғысында халқымыздың сандаған ғасырларға созылған ұлы көшінің діттеген жеріне жетіп, қазақ этносының межелі мекенге қазық қағуы толықтай тиянақталуы десек, халқымыздың аса айтулы жеңісі деп нені айтамыз? Енді соған келейік. Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккендегі табыстарымызды тізгенде елтаңбамызды, әнұранымызды, туымызды белгілегенімізді айта беретініміз бар. Әрине, олардың мәні үлкен. Олар – елдігіміздің символдары. Олар – бойтұмардай қастерлейтін құндылықтарымыз. Сонымен бірге олардың тәуелсіздігін жариялаған елдердің бәрінде болуға тиісті, тіпті міндетті атрибуттар екенін де ескермеудің тағы жөні жоқ. Шынтуайтында, біз тәуелсіздігіміздің өзімізге берген мүмкіндігін қай тұрғыда ерекше пайдаландық десек, өз тағдырымызды өзіміз шешетін елге айналғанымыз алдымен неден көрінді десек, өз астанамыздың орнын өзіміз таңдаудан көрінді дейтін жөніміз бар. Ал тәуелсіз мемлекет ретіндегі қуатымыз неден танылды десек, алдымен аз жылдың аясында Астанада қала тұрғыза алуымыздан танылды дейтін жөніміз бар. Бас-аяғы он бес жылдың ішінде осындай қала салған елдің қолынан енді бәрі де келеріне күмән қалмауға тиіс. Арқа төсінде алтын алқадай жарқырап, жылдан-жылға жайнап өсіп келе жатқан әрі жас қала, әрі бас қала Астана – Елбасының ерен ерлігі. Нұрсұлтан Назарбаев бұл идеяны жападан жалғыз көтерді, тікелей жеке басының беделіне басып тұрып, тіпті одан да ашық айтсақ – тізеге салып тұрып шешім қабылдаттырды, көшті де өзі бастады, құрылысты да өзі басқарды. Астанамызды Алатау аясындағы ару қала Алматыдан Арқадағы аязды Ақмолаға ауыстыру жөнінде шешім қабылдағанда Президент жаңа елорда салудың экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан талай пайда берерін ойлаумен қатар, бұл қадамның геосаяси тұрғыдағы артықшылығын да

камдастырған болатын. Бұл өте алыстан ойластырылған қадам еді. Астана ауыстырыла салысымен біздің солтүстік өңірлеріміздің төңірегіндегі суық сөздің де, сыпсың сөздің де сап тыйылғаны сондықтан. Қазақстанның еуразиялық мемлекет ретінде ел астанасын орталыққа көшіруі біздің сыртқы саясатымыздың көп векторлы сипатына да сай келетін. Астана – Тәуелсіздігіміздің сұлу символы. Астана біздің ұлттық санамызды шын мәніндегі мемлекеттілік биігіне, егемендік патриотизм деңгейіне көтерді, ұлтымызды ұйыта түсті, барлық этностарды төңірегіне топтастырды. Астананы салу арқылы біз өз күшімізге сене түстік, әлемнің ұлы мемлекеттерімен бір қатарда тұруға деген ұмтылысымызды арттыра түстік. Азаттығымыздың асқақ айбынына айналған Астана біздің қолымыздан ұлы істер келетінін көрсетті. Тәубе дейік, ағайын. Бүгінде бізде бәрі бар. Көгімізде тәуелсіздігіміздің көк байрағы желбіреп тұр, ел ортасында елдіктің ең еңселі ескерткіші – арайлы Астанамыз тұр, сол елорданың төрінде асқақтап Ақордамыз тұр, тұғыры биік Тәуелсіздік сарайымыз тұр. Қазақстан тұлпарының ер-тұрманы толық түгенделді деген осы болады. Етек-жеңді жиып, ел болды деген осы болады. Біз ел болдық. Біз мемлекет құрдық. Президент ауық-ауық атап айтып, қадап көрсетіп отыратын осынау қып-қысқа, қарапайым ғана сөйлемдерде ғажайып мән-мағына жатыр. Ел болдық, мемлекет құрдық дегенде біз егемендік алғанымызды, тәуелсіздік жариялағанымызды ғана айтпаймыз. Аты тәуелсіз де заты тәуелді мемлекеттер де толып жатыр жер бетінде. Біз ел болдық дегенде еңсесі биік елдер қатарына қосылғанымызды айтамыз, біз мемлекет құрдық дегенде сол мемлекетімізбен мына жұмыр Жердің төсіне мығым тұрғанымызды айтамыз. Неге бұлай айтамыз? Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің тәй-тәй басқан шағынан-ақ алысқа да, жақынға да, Шығысқа да, Батысқа да бірдей қарап, барша елдермен тату көршілік, тығыз ынтымақтастық, жемісті ықпалдастық саясатын жүргізіп, әлемдік қоғамдастықтан экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, жері дәулетті, елі сәулетті мемлекет ретінде өз орнын ойып тұрып алғандықтан айтамыз. Қазақ елі егемендіктің елең-алаңында-ақ адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған қадамға барып, қолына өзі түсіп тұрған тажал құралынан – атом қаруынан өз еркімен бас тартқандықтан, сөйтіп ядросыз әлем құруды бастап беру арқылы бүкіл Жер жүзіне бейбітшіліктің, ізгіліктің, жақсылықтың, парасаттың үйренерлік үздік үлгісін келісті көрсеткендіктен айтамыз. «Бұл елде жұрт та көп, ұлт та көп, тіл де көп, дін де көп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында халықтардың қырқысуы, діндердің тіресуі алдымен осыларда басталады» деп талай саясатшы сәуегейсіп, болашаққа бал ашысып жатқан тұста сан нәсілдің басын қосып, татулықтың туын тігіп, елдік ұранымен ұйысып, ұлтаралық, тіларалық, дінаралық жарасым мен келісімнің бүкіл әлем алға тұтатындай айшықты мысалына айналғандықтан айтамыз. Бір кезде ортақ отанымыз болған Одақ тарап, сексен жылдайғы кеңестік кезеңде қалыптасқан шаруашылық байланыстарының бәрі бырт-бырт үзіліп, шаңырағының быт-шыты шыққан шақта шикізатын өткізетін жер таба алмай, алты ай бойы айлық бере алмай, бар тапқан-таянғанын зейнетақыға да, шәкіртақыға да жеткізе алмай жүрген

жүдеу жылдарды бастан кешкен ел бүгінде әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрін шығаратын елге, халықаралық резерві 60 миллиард долларға жуық қаржыны құрайтын елге, орташа айлық жалақысы 80 мың теңгеге дейін артқан елге, ұлттық әл-ауқат деңгейі жөнінен әлем мемлекеттерінің рейтингінде 110 елдің арасынан 50-ші орынға шыққан елге айналғандықтан айтамыз. Баяғы хандықтарымыздың кезінде де, кешегі империялардың тұсында да жүздеген жылдар бойы шешілмей келген, шешілмегені былай тұрсын ірі державалардың алауыздығынан ауық-ауық шиеленісіп кетіп, қарулы қанды қақтығыстарға да ұрындырып отырған ең бір шетін мәселені – шекара мәселесін айналасы он бес жылдың ішінде түбегейлі шешіп, бір кезде әбден бытысып біткендей көрінетін түйінді абайлаған ақылмен, салқын сабырмен тарқатуға қол жеткізген, енді балаларының балаларының балалары ел шетіне алаңдамай өмір сүретіндей, өз елі өлең төсегінде алшаң басып жүретіндей ел болғандықтан айтамыз. Тәуелсіздік туын тіккеніне жиырма жыл да толмай жатып, қазақша айтқанда, айды аспанға шығарған, бүкіл Орталық Азиядан бірінші болып, бүкіл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы арасынан бірінші болып, бүкіл түркі әлемінен бірінші болып, бүкіл мұсылман жұртынан бірінші болып, бүкіл Азия құрлығынан бірінші болып әлемдегі аса абыройлы, биік беделді ұйымға – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге қол жеткізген ел болғандықтан айтамыз. Жаңа біз Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалық еткенін айттық. Осы арқылы біздің еліміз өз тарихының жаңа бір белесіне көтерілді. Абыроймен көтерілді. Енді біз әлем саясатының сырттай бақылаушысы емеспіз. Енді біз әлем саясатының қатардағы қатысушысы емеспіз. Енді біз әлем саясатын қалыптастыратын, айқындайтын елдердің қатарына қосылдық. Біздің елордамыз Астана кәрі құрлықтың көкейкесті мәселелерін қарап, маңызды шешімдер қабылдаған Хельсинки, Париж, Будапешт, Лиссабон, Ыстамбұл сияқты қалалардың қатарына қосылды. Біз табысты төрағалықпен де тоқтап қалған жоқпыз. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 11 жылдан бері шақырылмай келе жатқан Саммитін шақыруға қол жеткіздік. Тәуелсіздік сарайында 56 елдің басшылары бас қосып, екі күн бойы әлемнің қауіпсіз дамуының, демократиялық жолмен өркендеуінің аса маңызды мәселелерін талқылады. Саммит нәтижесінде Астана Декларациясы қабылданды. Астана Саммиті Қазақстанның, қазақтың абыройын жер жаһанға жайды. Басқасын айтпай-ақ, тек осы оқиғаны ел тарихында, халық жадында қалдыру үшін-ақ Астанада Салтанат аркасын тұрғызуға болар еді. Нұрсұлтан Назарбаев елдігіміз, мемлекеттілігіміз үшін жиырма жылда жасауға болатынның бәрін жасады. Ең бастысы, біз экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, сөздің толық мағынасында іргелі мемлекет құра алдық. Бәрі де салыстыру арқылы білінеді. Салыстырып көрейікші. 1994 жылы бізде әр адамға шаққандағы ішкі жалпы өнім жеті жүз доллардан келетін. Бүгін ше? Бүгін сол көрсеткіш 12 еседен асып, әр адамға 9 мың доллардан келіп отыр. Президент Қазақстан халқына биылғы Жолдауында тәуелсіздік тарихының алғашқы жиырма жылында ішкі жалпы өнімнің көлемі Оңтүстік Кореяда 3

есе, Малайзияда 2 есе, Сингапурда 4 есе, Венгрияда 5 есе, Польшада 4 есе өскенін айтқан еді. Ал бізде 12 есе! Әлемдік тәжірибеде өз тәуелсіздігінің жиырма жылында мұндай нәтижеге ешқандай ел қол жеткізіп көрмеген екен. Президентіміз осы жақында ғана, «Нұр Отан» партиясының XIV съезінде жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің көлемі бойынша біз, басқа көршілерімізді айтпағанның өзінде, Украинадан 2 еседен астамға асып түскенімізді, Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінің алдында тұрғанымызды айтты. Бағасын білген жанға бұл – бәріміз бағындырған асқар биік. Бұл жеңіс пе? Сөз жоқ, жеңіс. Елдіктің жеңісі. Біз, ақ-адалын айтқанда, өзгелермен бірге егемендікке қол жеткізген кезде тәуелсіз мемлекет құра алсақ та, ел қатарлы тұра алсақ та тәубе, тәубе дейтіндей жағдайда едік. Шүкір, ондай болған жоқ. Ел екенбіз. Рухы күшті, жігерлі жұрт екенбіз. Басқалар істегенді біз де істеп, басқалар тындырған шаруаларды біз де тындыра алады екенбіз. Тіпті талайлардан артық істеп, артық тындыра алады екенбіз. Оған алдымен өзіміздің көзіміз жетті. Одан кейін өзгелердің көзін жеткіздік. Тіл-аузымыз тасқа. Тәуелсіздік тойына осылай, асқақ абыроймен келіп отырмыз. Бұл салтанат па? Сөз жоқ, салтанат. Елдіктің салтанаты. Астананың арқасы – Азаттықтың арқасы. Арқадағы арқа Алашты арқаландырып тұрсын! Сауытбек Абдрахманов.